



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2016 жылғы 15 қараша

Ұлттық Банк басшысы Қазақстанның 25 жылдығына арналған ескерткіш монетаны таныстырды

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев бүгін «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы: ұлттық валюта» конференциясында сөз сөйлей отырып, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған жаңа ескерткіш монетаны шығару туралы хабарлады.



«Биыл біз тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын тойлаймыз. Бұл – ерекше күн. Бұл – өткенімізге көз тастап, жетістіктеріміз бен жеңістерімізді бағалайтын уақыт. Атқарғанымыз да көп, өзгерістер де көп. Бірақ бір нәрсе өзгеріссіз қалды. Бұл – халқымыз, оның қуаты мен бірлігі, даналығы мен көрегендігі, төзімі мен түсіністігі» - деп атап өтті Д. Ақышев.

Ол бұл ескерткіш монетаның негізінде Мәңгілік Ел идеясы жатқанын айтып берді. «Мәңгілік Елдің мызғымас негіздерінің бірі – жалпыұлттық ынтымақ, келісім мен бейбітшілік. Отанымыз бір – ол Тәуелсіз Қазақстан, Еліміз бір – Тағдырымыз бір. Ынтымақ пен келісімге адал халық мыңдаған жылдар бойы тіршілік ете бермек», – деп түсіндірді Д. Ақышев.

Ұлттық Банк Төрағасы ескерткіш монетаның ҚР Тұңғыш Президенті – Н.Ә. Назарбаевтың Күніне орай айналысқа шығарылатынын айтты.

Ескерткіш монета туралы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі роликтер ҚР Ұлттық Банкінің Facebook-тегі ресми парағында орналастырылған.

ҚР Ұлттық Банкі Тұңғыш Президент Күніне Мемлекет басшысы бейнеленген ескерткіш купюраны айналысқа шығарады

Қазақстан Ұлттық Банкі Тұңғыш Президент Күніне орай 2016 жылғы 1 желтоқсанда ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған ескерткіш банкнотты айналысқа шығарады. Бұл жөнінде бүгін ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Астана қаласында өткен конференцияда сөз сөйлеген кезде хабарлады.



«Тәуелсіздік тарихы Елбасының жеке басымен тікелей байланысты, – деді Д. Ақышев. – Сондықтан да Ұлттық Банк Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған және Президентіміздің ел дамуына қосқан үлесін көрсететін мерейтойлық банкнотты ұсынып отыр».

«Бүгінгі күні Қазақстан халықаралық қоғамдастықтың тең құқылы мүшесі болып табылады, оның пікіріне құлақ асып, онымен санасады, – деп жалғастырды Д. Ақышев. – Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарындағы бүкіл жетістіктері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты».

Оның айтуынша, «егемендік алу, мемлекеттік рәміздерді бекіту, нарықтық экономикаға көшу және халықаралық қоғамдастықта танылу – Мемлекет басшысы бастаған жолдың басындағы қажырлы еңбектің бір бөлігі ғана».

Ол «банкноттарда портреттерді бейнелеу жаңалық емес. Бұл – елдің өміріне аса маңызды үлес қосқан тұлғалардың бейнесін орналастыру арқылы мемлекеттілік идеясын көрсетудің ең жарқын, әдеттегі әрі түсінікті формасы» екендігін атап өтті. «Нельсон Мандела, Мұстафа Кемаль Ататүрік, Ли Куан Ю, Уинстон Черчилль және басқа да әлемдік деңгейдегі көшбасшылар елдерінің қазіргі заманғы купюраларында бейнеленген».

«Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бейнесі бар бұл банкнот осы қатарда өзінің лайықты орнын алады деп сенемін», – деді Д. Ақышев ҚРҰБ-ның жаңа мерейтойлық өнімін таныстыру барысында.

Ол Президенттің өзі 1993 жылы Қазақстанның ұлттық валютасы қалыптасқан кезде алғашқы банкноттардың дизайнын айқындағанын атап өтті. «Бұл функция Мемлекет басшысының айрықша құзыреті ретінде қалып отыр», - деді ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы.

Ескерткіш купюра туралы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі роликтер ҚР Ұлттық Банкінің Facebook-тегі ресми парағында орналастырылған.

Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz